

СПОРТТЫҚ БОЙТҰМАРЛАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БЕЙНЕЛЕМЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Дунайская Дарья Александровна
piratchick@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Сәулет-құрылыс факультетінің 1-курс магистранты,
Нұр-сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Самуратова Т.К.

2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген болашаққа көзқарас, қоғамдық сананың жаңартылуы – «Рухани жаңғыру» Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес ұлттың жаңа тарихи кезеңінің негізгі мақсаты белгіленген: рухани және мәдени құндылықтарды сақтау және арттыру. Бағдарлама осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бірнеше жобаны қарастырып отыр. Қоғамдық сананың жаңартылуы бағдарламасы қоғамды нығайтып, Ел басшысы жариялаған идея төңірегінде зиялылар, жастар, бұқара топтардың барлық өкілдерін біріктіру. Жаңартылудың барлық бағыттары әлеуметтің қажеттіліктерін есепке ала отырып, ғылыми-сарапшылық қауымды, азаматтық қоғам өкілдерін, жастарды белсенді қатыстыру арқылы жүзеге асырылады. Тәуелсіздіктің жиырма тоғыз жылында Қазақстан Қысқы Азия ойындары (Азиада 2011), Қысқы Универсиада 2017 және басқалар сияқты бірнеше ірі ауқымды спорттық жарыстардың иесі болды. Сонымен қатар, осындай ауқымды бір ғана спорттық іс-шараны өткізудің осыдан қалған мұрасын одан әрі пайдалану тұрғысынан көптеген сұрақтарды туындатады. Қазақстанда ұлттық бейнелеменің қайта жаңғыруы мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болып табылады, еліміздің рухани және көркем құндылықтарын, мәдени мұрасын насихаттау мен дамытуға, этностың тарихи естелігін нығайтуға бағытталған. Бұл сәндік-қолданбалы өнерде кездесетін көркем уәждері, ауызша халық шығармашылығында бейнеленген кейіпкерлер. Біздің еліміздің ең танымал спорттық бойтұмары – Іле және Жоңғар Алатауында тұратын ұлттық жануарлары болып табылатын, қар барыстарының (ілбіс) бейнелері. Мысалы, Алматы мен Нұр-сұлтан қаласындағы Қысқы Азия ойындарының бойтұмары Ирби болды. Ойындар кезінде Ирбидің мүсіндер ретінде сатылымға түсті. Ойындарды ұйымдастырушы комитеті, барыс "нағыз олимпиаданың негізгі қасиеттерін жүзеге асырады: күш, батылдық, төзімділік және игілік" деп шешті. Көп ұзамай кербез барысты жасартуға шешті, Азиада бойтұмары ересек ілбіс емес, ал Ирби атты кішкентай ілбіс болды, бұл елдегі қар барыстарының тақырыбы жалғасын тапты.

Олимпиада ойындары 1896 жылдан бері өткізіліп келеді, өз тұмарын алған, ресми болмаса да, алғашқы ойындармен Греноблда 1968 жылдың қысқы ойындары болды. Олардың тұмары Шусс шаңғышы болды. 1968 жылдан бастап тұмар Олимпиада ойындарының міндетті атрибуты болып табылады[1]. "Үлкен олимпиадалық энциклопедияға" сәйкес жарнамалық-коммерциялық маңызы бар таңба. Олимпиада ойындарының ұйымдастыру комитетінің меншігі болып табылады. "GEO" журналының пікірінше, олимпиада тұмарының міндеті — "ойын иесі- елдің рухын көрсету, спортшыларға сәттілік келтіру және мерекелік атмосфераны шыңдау". Ең жиі олимпиада тұмары спортшыларды қабылдайтын елде, ең танымал жануар түрінде немесе анимациялық ойластырылған кейіпкер түрінде бейнеленеді. Тұмарлар адамның антропоморфтық нысандар арқылы әлемді қабылдауға терең түбегейлі бағытын көрсетеді[2]. Антропоморфизм (фр. anthropomorphisme көне грек тілінен ανθρωπος — адам, μορφή — түр, кейіп, бейне, пішін [3] [4]) – адам бейнесі мен оның қасиеттерінің жансыз заттарға, жанды тіршілік иелеріне (аңдар, өсімдіктер), табиғат құбылыстары және табиғи күштеріне, тылсым күштер иелеріне, дерексіз ұғым және т.б. көшірілуі. Осылайша адам сипаттамаларын жансыз заттарға қосу деп санауға болады. Даму теориясында антропоморфизм болжауды түсіну тәсілі мен табиғат әлемін басқару болып сипатталады. Ілбістер Алматы елтаңбасында және 2008 жылға дейін барыс елорданың елтаңбасында болған. Елордалық "Барыс" хоккей клубы да қар барысын

басты нышаны ретінде таңдады. Хоккей командасының бойтұмары "Барсик" деп атанған, көңілді, тентек аң клубтың кез келген іс-шараларында жағымды эмоциялардың сарқылмас көзі болып табылады. Онсыз ойындарды елестетуге мүмкін емес. Ол ойындарды ашады, хоккейшілерді қарсы алады, әсіресе шыны жақтан орын алған жанкүйерлерді қуантады. Айта кетсек, Барсик 2019 жылы бірінші дивизионның шайбалы хоккейден Әлем чемпионатының бойтұмары болды, онда біздің жігіттер топта бірінші орынды иеленіп, 2020 жылғы хоккейден Әлем чемпионатының элиталы дивизионына шығуды қамтамасыз етті. Біздің елімізде қар барыстарынан басқа да ұлттық жануарлар: сұңқарлар, ақбөкендер, еуразиялық қасқыр және т.б. қолданылады. Елбасы Н. Ә. Назарбаев өз мақаласында былай деп жазған: "Біздің ата - бабаларымыз қоршаған ортамен толық үйлесімде өмір сүрді және өздерін табиғаттың ажырамас бөлігі деп санады. Болмыстың бұл негізгі қағидасы Ұлы дала халықтарының дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Қазақстанның ежелгі тұрғындары жоғары дамыған мәдениетке ие болды – өз жазбалары мен мифологиялары болды. Олардың мұраларының ең жарқын элементі, көркемдік ерекшелігі мен рухани мазмұн байлығының көрінісі – "аң стилінің өнері" болып табылады. Тұрмыста жануарлардың бейнелерін пайдалану, адам мен табиғаттың өзара байланысының таңбасы болды, даланың рухани бағдарын көрсетті. Олар жыртқыштардың бейнелерін, негізінен, мысық тұқымдастарын ұнатты. Мүмкін, егеменді Қазақстанның таңбасының бірі – жергілікті фаунада сирек кездесетін және игілікті өкілі – қар барысы болды[5]. Өзінің ғылыми еңбектерінде Қазақстандық академик Әлкей Марғұлан өзінің бір мысалында түрік-моңғолдар тотемдерінің ішінде ақ сүйек ретінде қасқырды белгілеген. Ол күш-қуаттылықты, билікті білдірген, тайпаның жерлерін, жайылымдарын қорғаған оның рухы, қорғаушысы болып саналған. Қасқырдың ауыртпалық, апат кездерінде адамдардың қорғаушысы, қамқоршысы ретіндегі мағызы туралы аңыздар ежелгі үсіндер, сақтар, ғұндар заманынан бастап түрік тайпаларында кең таралған. Ежелгі адам қасқырды өзінің тотемы ретінде таңдайды, өйткені оның түсінігінде қасқыр ең күшті, басқыншылық, қауіпті тіршілік иесі, одан қорғаушылық іздеп, оны мүмкіндік болса өзінің арғы бабасы ретінде көруге болған: дәл қасқыр рулық тұмардың нысаны болып келген. Қазақстанның дала кеңшілігінде осындай бағдар ерекше маңызға толы болып келеді[6].

Бирегей ұлттық логотиптер мен брендтерді жасау, әрине, біздің халқымыздың тарихын, мәдениетін және қонақжайлылығын көрсетудің ең жақсы тәсілдерінің бірі болып табылады. Ұлттық ою-өрнектің нақыштарын, фольклор кейіпкерлерін және сюжеттерін пайдалана отырып, суретшілер-дизайнерлер өзіндік, қазақ логотиптерінің үлгілерін жасайды, олар қазіргі заманғы бейнелеу өнерінің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Барлық жерлерде кеңінен таралған оңай танылатын таңбалар мен кейіпкерлер жағымды эмоциялар тудырады, қала құрылысы ландшафтымен табысты үйлеседі, ақырында, Қазақстан мәдениетін насихаттайды, осылайша ел мүддесіне қызмет етеді.

Бүгінгі таңда тұмар кәдесый өнімдерінің элементі ғана емес, сонымен қатар әр түрлі маркетингтік акцияларды ұйымдастыру және өткізу арқылы жанкүйерлердің, сондай-ақ басқа да мақсатты топтардың (мысалы демеушілердің) назарын аударуға мүмкіндік беретін дербес интерактивті кейіпкер болып табылады. Мұндай оңталы нәтиже байқалмай қалған жоқ, 1966 жылдан бастап бірде - бір спорттық ірі ауқымды іс - шара ресми тұмарсыз өтпеді, ал уақыт өте келе бойтұмарлар басқа да спорттық іс - шаралармен қатар жүрді, бүгінгі күні тек спорттық оқиғалардың ғана емес, сонымен қатар жекелеген клубтар мен командалардың ажырамас элементі болып табылады. Спорттық шараның тұмары маңызды рөл атқарады. Кәдесый өнімдері арқылы жанкүйерлер осы іс-шараға (немесе клубқа) қатыстылығын көрсетеді. Бұдан басқа, ол қосымша табыс көзі және іс-шараны сыртқы ортада жайғастыру құралы болып табылады. Осылайша, тұмар спорттық жарыстың нышаны және оның материалдық емес мұрасының элементі ғана емес, есте сақтау, тарих, мәдениет сияқты құрамдас бөліктерді біріктіретін және оңтайлы эмоциялар беретін, сонымен қатар жарыс ұйымдастырушыларының қосымша табыс көзі болып табылады. Логотиптер мен бойтұмарлар – қала құрылысы ортасын көркем безендіруге маңызды бөлік. Безендіру

жұмысында ұлттық ойлаудың визуалды тасымалдаушысы болып табылатын көркем мәдениет нышандырын пайдалану Қазақстанның қазіргі заманғы бейнелеу өнерінің дамуындағы жаңа кезең болады деген үмітпен қараймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Олимпийский талисман — статья из Большой олимпийской энциклопедии (М., 2006)
2. Властелины колец. Олимпиада в Китае (рус.) // GEO : журнал. — 2008, август. — № 8. — С. 58 — 59.
3. Крысин Л. П. Антропоморфизм // Толковый словарь иноязычных слов. — М.: Эксмо, 2008. — 944 с. — (Библиотека словарей).
4. Антропоморфизм / Б. Мещеряков // Большой психологический словарь / Сост. и общ. ред. Б. Мещеряков, В. Зинченко. — СПб.: Прайм-еврознак, 2003. — (Психологическая энциклопедия) — 672 с. — С. 37. ISBN 5-93878-086-1, ISBN 978-5-93878-086-6
5. <http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi>
6. А.Х Маргулан. Сочинения Том 3-4 // Петроглифы Сарыарки. Гравюры с изображением вольчего тотема. 18 бет.